

## Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің мемлекеттік қызметшілер қызмет этикасының қағидаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің 2013 жылғы 29 қарашадағы № 368-ө бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 30 желтоқсанда № 9050 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің 2015 жылғы 22 маусымдағы № 418 бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Энергетика министрлігінің 22.06.2015 № 418 бұйрығымен.**

«Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы З мамырдағы № 1567 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 1 қазандығы № 651 Жарлығының 2-тармағына сәйкес

**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің мемлекеттік қызметшілер қызмет этикасының қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің мемлекеттік қызметшілері өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде осы Қағидаларды басшылыққа алсын.

3. Әкімшілік-кадрлық жұмыс департаменті:

1) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуден кейін оны ресми жариялауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің ресми Интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің жауапты хатшысы А.Г. Дерновойға жүктелсін.

5. Осы бұйрық оның алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күн откеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

<p><i>Министр</i> Қазақстан Қоршаған су</p>	<p><i>H. Қаппаров</i> Республикасы орталық және ресурсстары</p>	
---	---	--

**Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің мемлекеттік қызметшілер қызмет этикасының қағидалары**

**I. Жалпы ережелер**

1. Осы Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары қорғау министрлігінің мемлекеттік қызметшілер қызмет этикасының қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі № 453-І «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі № 267-І «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы құрес туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы № 1567 «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексі туралы»

Жарлығына (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес өзірленген.

2. Қағидалар Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі (бұдан әрі – Министрлік), оның ведомстволары және ведомстволарының аумақтық органдары мемлекеттік қызметшілерінің мінезд-құлқының негізгі стандарттарын белгілейді.

3. Министрліктің мемлекеттік қызметшілері:

1) занымың қағидасын, Қазақстан Республикасы Конституциясының, зандары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын басшылыққа алуға;

2) Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, наследіне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттарға қарамастан адамның және азаматтың ар-намысын құрметтеуге;

3) Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге, мемлекеттік тілге және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға;

4) адал, әділ, қарапайым болуға, жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға, азаматтармен және әріптестерімен қарым-қатынаста сыпайылық пен әдептілік танытуға;

5) лауазымдық міндеттерін атқару кезінде басқа тұлғаларға шыдамдылық, сыпайылық және құрмет көрсетуге;

6) стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуде ұжымда ынтымақтастықты орнатуға ықпал етуге;

7) мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз етуге, өзіне сеніп тапсырылған мемлекеттік меншікті, автокөлік құралдарын қоса алғанда, ұтымды әрі тиімді және тек қызметтік мақсатта пайдалануға;

8) өзінің іс-әрекеттерімен қоғам тарапынан негізді сынға себепкер болмауға, сынағаны үшін қудалауға жол бермеуге, орынды сынды кемшіліктерді жою мен өзінің қызметін жақсарту үшін пайдалануға;

9) лауазымдық міндеттерін тиімді атқару үшін кәсіби деңгейін және біліктілігін арттыруға;

10) қызметтік субординацияны сақтауға;

11) жұмыс уақытын ұтымды пайдалануға және басқа мемлекеттік қызметшілерге ұжымда өздерінің қызметтік міндеттемелерін орындауға кедергі келтіретін әрекеттерден аулақ болуға;

12) өзінің қызметтік міндеттерін адал, турашыл және сапалы атқаруға;

13) адал болуға, өзінің кәсіби қызметіне ешкімнің, оның ішінде туыстарының, достарының және таныстарының, әсер етуіне жол бермеуге;

14) Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін сыйлауға және құрметтеуғе;

15) мұдделер қақтығысының алдын алуға және оны реттеу шараларын қолдануға;

16) өздерінің функциялары мен міндеттерін орындау кезіндегі мемлекеттік қызметшілердің бастамашылығын қолдауға;

17) қарамағындағы қызметшілердің атқаратын лауазымына сәйкес міндеттері мен қызметтік өкілеттіктерін нақты анықтауға, олардан нақты орындау мүмкін емес жарлықтарды бермеге;

18) осы Қағидат талаптарын бұзы фактілеріне қағидатты әсер етуге, кінәлілердің жауапкершілігімен қатар, өзінің жеке жауапкершілігі туралы мәселені қатар қоюға дайын болуға тиіс.

4. Министрліктің мемлекеттік қызметшісі Кодекспен белгіленген сыйбайлас жемқорлыққа қарсы міnez-құлықты сақтауы тиіс.

Министрліктің мемлекеттік қызметшілері, егер сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықпен немесе олардың өз қызметтік міндеттерін орындау барысында сыйбайлас жемқорлыққа жағдай тудырумен байланысты құқық бұзушылықтар туралы анық ақпараты болса, мемлекеттік қызмет саласы және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнамамен белгіленген шараларды қабылдауы қажет.

5. Министрліктің мемлекеттік қызметшілері мемлекеттік саясат және қызметтік ісінің мәселелері жөніндегі өз пікірін, егер ол:

1) мемлекет саясатының негізгі бағыттарына сәйкес келмесе;

2) жариялауға рұқсат етілмеген қызметтік ақпаратты аштын болса;

3) мемлекеттің лауазымды тұлғаларының, мемлекеттік басқару органдарының, басқа да мемлекеттік қызметшілердің атына әдепке сай емес сөздер айтудан тұрса, көпшілік алдында білдіруіне болмайды.

Министрліктің мемлекеттік қызметшілері қызметтен тыс уақытта:

1) жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды ұстануға, қоғамға жат мінез-құлық жағдайларына жол бермеуге;

2) қоғам тарапынан негізді сынға себеп туғызатын іс-әрекеттерге жол бермеуге, өздерінің беделіне нұқсан келтіретін қызықтардан аулақ болуға;

3) Министрлік қызметшісінің жоғары атағының абыройын төмендететін кез келген жеке байланыстардан бас тартуы тиіс.

6. Осы Қағидаттармен көзделген талаптарды орындағаны немесе бұзғаны Министрліктің мемлекеттік қызметшілері Қазақстан Республикасының заңнамаларымен белгіленген тәртіпте жауапкершілікке тартылады.